



**ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ,
АДАМ, ОНЫҢ САНАСЫ МЕН АДАМГЕРШІЛІГІНІҢ ДАМУЫ**

III Халықаралық ғылыми-теориялық конференция
Материалдары

2018 жылдың 16-17 ақпаны

II том

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ,
РАЗВИТИЕ ЧЕЛОВЕКА, ЕГО СОЗНАНИЯ, НРАВСТВЕННОСТИ**

Материалы
III Международной научно-теоретической конференции

16-17 февраля 2018 года

Том II

**ACTUAL PROBLEMS OF WORLD PHILOSOPHY,
DEVELOPMENT OF HUMAN, HIS CONSCIOUSNESS,
AND MORALITY**

Proceedings
of the III International Scientific-Theoretical Conference

February 16-17, 2018

Volume II

Астана/Astana

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
РҒА ФИЛОСОФИЯ ИНСТИТУТЫ
ҚР БҒМ ҒК ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ ДІНТАНУ ИНСТИТУТЫ
М.В. ЛОМОНОСОВ АТЫНДАҒЫ ММУ ҚАЗАҚСТАН ФИЛИАЛЫ

**ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ,
АДАМ, ОНЫҢ САНАСЫ МЕН АДАМГЕРШІЛІГІНІҢ ДАМУЫ**

**III Халықаралық ғылыми-теориялық конференция
материалдары**

2018 жылдың 16 - 17 ақпаны

II том

Астана, 2018

Редакциялық кеңес

Е.Б. Сыдықов, Д. Қамзабекұлы, Ғарифолла Есім,
Г.А. Адаева, С.А. Арыстамбаева, М.М. Бозжігітова,
К.А. Медеуова, Д.Т. Толғамбаева

Әлемдік философияның өзекті мәселелері, адам, оның санасы мен адамгершілігінің
Ә43 дамуы: III Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары (2018
жылдың 16-17 ақпаны, Астана, Қазақстан) 2 томдық. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы
ЕҰУ баспасы, 2018. – 339 б.

ISBN 978-9965-31-977-8

Жинаққа Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақ КСР ғылым және техника саласы бойынша Мемлекеттік сыйлығының, «Достастық жұлдызы» мемлекетаралық сыйлығының, ҚР тұңғыш президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының, Халықаралық «Өмір ағашы» сыйлығының лауреаты, Шоқан Уәлиханов атындағы Мемлекеттік сыйлықтың тұңғыш лауреаты Жабайхан Мүбәрақұлы Әбділдиннің 85 жылдық мерейтойына арналған «Әлемдік философияның өзекті мәселелері, адам, оның санасы мен адамгершілігінің дамуы» атты III халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енген.

Конференция шеңберінде «Философия тарихы, таным теориясы мен ғылым әдіснамасының өзекті мәселелері», «Қазіргі әлемдегі адам және адамгершілік мәселелері», «Ж.М.Әбділдин және диалектикалық логика мен таным теориясы, адам мен адамгершілік мәселелерінің талдануы» секциялары жұмыс жасады.

Қазіргі философияның өзекті мәселелері мен ҚР ҰҒА академигі Жабайхан Мүбәрақұлы Әбділдиннің шығармашылығына қызығушылық танытқан қауымға арналады.

Жарияланып отырған материалдар автор редакциялауымен берілген.

ӘОЖ1/14
КБЖ87.0

ISBN 978-9965-31-977-8
ISBN 978-9965-31-975-4

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
ИНСТИТУТ ФИЛОСОФИИ РАН
ИНСТИТУТ ФИЛОСОФИИ, ПОЛИТОЛОГИИ И РЕЛИГИОВЕДЕНИЯ КН МОН РК
КАЗАХСТАНСКИЙ ФИЛИАЛ МГУ ИМЕНИ М.В. ЛОМОНОСОВА

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ,
РАЗВИТИЕ ЧЕЛОВЕКА, ЕГО СОЗНАНИЯ, НРАВСТВЕННОСТИ**

Материалы III Международной научно-теоретической конференции

16-17 февраля 2018 года

Том II

Астана, 2018

УДК1/14
ББК87.0
А43

Редакционный совет

Е.Б. Сыдыков, Д. Камзабекұлы, Ғарифолла Есім,
Г.А. Адаева, С.А. Арыстамбаева, М.М. Бозжигитова,
К.А. Медеуова, Д.Т. Толгамбаева

А43 Актуальные проблемы мировой философии, развитие человека, его сознания, нравственности: Мат-лы III Междунар. науч.-теорет. конф. (16-17 февраля 2018 г., Астана, Казахстан) в 2-х тт. – Астана: изд-во ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2018. – 339 с.

ISBN 978-9965-31-977-8

В сборнике представлены материалы III Международной научно-теоретической конференции «Актуальные проблемы мировой философии, развитие человека, его сознания, нравственности», посвященной 85-летию академика НАН РК Жабайхана Мубаракovichа Абдильдина, Лауреата Государственной премии Каз ССР в области науки и техники, Межгосударственной премии «Звезда Содружества», Президентской премии мира и духовного согласия, Российской премии «Древо жизни», Лауреата первой премии имени Ч.Ч. Валиханова.

В рамках конференции работали секции: «История философии, актуальные проблемы теории познания и методологии науки», «Проблема человека и нравственности в современном мире», «Академик Ж.М. Абдильдин и разработка проблем диалектической логики, теории познания, человека и нравственности».

Адресовано всем интересующимся актуальными проблемами современной философии и творчеством академика НАН РК Жабайхана Мубаракovichа Абдильдина.

Публикуемые материалы представлены в авторской редакции.

УДК1/14
ББК87.0

ISBN 978-9965-31-977-8
ISBN 978-9965-31-975-4

3. Ана тілі. Ұлт газеті. Жабайхан Әбділдин: «Бізге елді, жерді сүйген қуатты сезім керек». 30 желтоқсан, 2014ж
4. Медеуова К.А., Сандыбаева У.М. Интервью с Ж.М. Абдильдиным 13.07.2012 <http://www.runivers.ru/philosophy/logosphere/442082/#.WR2FMBSMDPg>.
5. Казахстанская Энциклопедия /<http://ru.encyclopedia.kz>
6. Медеуова К.А., Сандыбаева У.М. Интервью с Ж.М. Абдильдиным 22.06.2012 <http://www.runivers.ru/philosophy/logosphere/439193/#.WR1-gULYEPY>.
7. Зарубежная оценка трудов академика Ж.М. Абдильдина / Под общ. ред. З.К. Шаукеновой. – 2-е изд., перераб. и доп. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2013. – 150 с.

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ АДАМ: ҚОҒАМ ДАМУЫНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Джалмагамбетова С.М.

Астана қ.

muratvekova@mail.ru

Қазіргі кезеңде қоғамда орын алған трансформациялық үдерістер қоғам даму парадигмаларының өзгеруіне, жаңа әлеуметтік қатынастардың қалыптасуына әкелді. Қоғам, адам өміріндегі әлеуметтік іргетастың негізі бола отырып, адам өмірінің барлық салаларын қамтиды. Қоғамның интеллектуалды, моральдық және экономикалық, техникалық дамуы адамның тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына үлкен үлес қосады. Қоғамдағы техникалық өркениеттің және рухани құндылықтардың үйлесімді түрде қарым-қатынас жасауы, оны материалды және рухани тұрғыдан прогреске алып келетін басты фактор деп сипаттасақ болады. Соның негізінде адам немесе индивид – қоғам болмысының алғаш бастауы. Адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынас екі жаққа ықпал етуші үрдіс. Өз жағдайын, интеллектуалды деңгейін, білімін, рухани құндылықтарын прогрессивті бағытқа бұрған тұлға, өз айналасын өзгертуге үлкен қадам жасайды.

Адам қоғамда өмір сүреді, ал қоғам дегеніміз бүкіл адамзат үшін де, жеке адам үшін де өзі өмір сүріп отырған, онымен өндірістік, қоғамдық, отбасылық қатынастар арқылы байланысқан ұжым. Қоғамдық өмірдің алға жылжуы сол адамның өзі тұрақты өмірлік байланыста болған қоғамдық ұжымның өсуіне байланысты. Тарихтың ежелгі кезеңінде адам қоғамы ру-тайпалық сипатта болды. Жеке адамдардың, тұлғаның және қоғамдық ұжымның өзара қарым-қатынасы мәселесі адамдарды тарихтың барлық кезеңдерінде толғандырған. Адам жеке тұлға ретінде қоғамнан өз орнын алғысы келеді, сонымен қатар ғылым тек тұтас қоғамды ғана зерттеп қоймай, жеке адаммен де айналысқанын қалайды. Бірақ ғылым тек жалпының көрініс беруі арқылы ғана жекені зерттейді. Ғылымнан жеке адам да өз орнын табуы керек. Себебі, адамдар тек тарихты талдап қоймай, табиғат пен адамның тағдыры туралы да ойланады. Қоршаған өмірді ол өзінің таптық жағдайына, тәрбиесіне, жасына байланысты қабылдайды. Қоғам мен жеке адамның, тұлғаның қатынасы бүтіннің қосарлану формаларының бірі. Қоғам мен жеке адам ажырамас бірлікте болып табылады. Жалпы мен жекенің қатынасы диалектикалық өзара байланыс сипатында десек болады. Әр жеке адам жалпының, ерекшенің және жекеліктің өзіндік бірлігі болып табылады.

Адам әлеуметтік тіршілік иесі ретінде, біріншіден қоғамға дағдылануға (енуге) және өзінің тұрмыс-тіршілігіне қажетті барлық игіліктерге қол жеткізуге, сондай-ақ қоғамда қордаланған материалдық, рухани игіліктерді өндіру, айырбастау, тұтыну дағдыларына ие болуға, түптеп келгенде өзін-өзі қоғамдық өмірде қорғауға әрекет етеді. Қоғам адамды биологиялық тіршілік иесі деңгейінен әлеуметтік тіршілік иесіне көтере отырып, оны ең алдымен өзі үшін қоғамның сақталуына, өркендеуіне қызмет етуге итермелейді. Демек, әрбір адамның яғни, әлеуметтік тіршілік иесінің өмірінің мәні – бұл өзі өмір сүріп отырған қоғамға қызмет ету.

Рухани-адамгершілік сипатқа ие жеке тұлға ретіндегі адам өмірінің мәні өзі белгілеген өмірлік ұстанымын жүзеге асыру. Адамның өмірінің мәні – өзінің биологиялық

жаратылысын, әлеуметтік мақсатын және тұлғалық мұратын толықтай іске асыру. Яғни осы үштіктің жүзеге асуы болып табылады. Адамға бұл өмір мәндік қызметін ұғынуға және орындауға біріншіден, өзі өмір сүріп отырған қоғамдық орта ахуалы зор ықпалын тигізеді.

Адам табиғатынан тумасынан берілген қабілеттер мен мүмкіндіктерге ие, бірақ олардың қалыптасуы, дамуы мен шыңдалуы жеке тұлғаның қоғамда өмір сүру барысында жүзеге асады және көп жағдайларда қоғамның рухани келбетімен анықталады. Қоғам бұл адамның рухани қалыптасуы мен дамуы орын алатын интеллектуалдық және әлеуметтік орта болып табылады.

«Қоғам өз алдына қояр мақсат-міндеттерін айқындап алуы керек. Әрі өзінің дамуына тірек болатын негізгі идеялық бағдарлар мен ұғым-түсініктерді тауып, сол негізде өркендеуі тиіс. Дүниедегі ең қарқынды дамыған, әр саладағы табыстарымен әлемді таңдандырған Жапон мемлекетін алайық. Жапон ұлты – өзгелерге үлгі болуға лайық, өмір сүріп жатқан ұлт. Сол жапондар екінші дүниежүзілік соғыстан күйреп жеңіліп, көп шығынға ұшырап, ұлттық рухы төмендеп шықты. Сол сәттен бастап олардың өзіндік жолын, еңбек этикасын, негізгі нысаналы мақсаттарын, білім берудің ұлттық моделін іздеуі басталды. Мұның терең себебі бар еді. Халықтың рухын биіктетіп, ұлттық өзіндік санасы мен психологиясын өзгертіп, білімін көтеріп алмай, шын мәніндегі жоғары технологияға негізделген серпінді экономикалық дамушы қоғам құру мүмкін емес» [4].

Қазіргі таңда кең етек жайған әлеуметтік үдерістер, қазіргі қоғам алдында тұрған күрделі міндеттер мен жаһандық сипатқа ие болған адамзат мәселелері әлеуметтанушыларды, философтарды, психологтарды, тарихшыларды қоғам мәселесінің антропологиялық, құндылықтық, рухани және мәдени құрылымына бет бұруға жетеледі. Жеке тұлғаның рухани әлемі, құндылықтары мәселесі философиялық антропологиялық мәнге ие және тұрақты түрде ғылыми ізденістердің нысаны болып табылады.

«Кез-келген қоғамның даму тенденциясы ондағы адамдар мен әлеуметтік топтардың даму тенденциясы арқылы айқындалады. Біздің елімізде адамды дамытуға осы соңғы мезгілде ғана көңіл аударыла бастадық», - дейді белгілі ғалым Ә.Н. Нысанбаев [1].

Бүгінгі таңдағы қоғамның техникалық-инновациялық және рухани тұрғыда үйлесімді дамыған бірлігінің көрінісі – смарт қоғам. Смарт ұғымына келесідей анықтама беруімізге болады: бұл интеллектуалды және техникалық тұрғыдан дамыған адамдардың іс-әрекеттері мен бағыт-бағдарларын, әлеуметтік, рухани, экономикалық жаңа деңгейге көтеретін концепция. Яғни, смарт қоғам, қоғамның ақпараттық қоғамнан кейінгі даму сатысы.

Қазіргі заманда смарт қоғам теориясы авторларының пікірі бойынша, смарт қоғам) – ХХІ ғасыр адамының барлық рухани және материалдық қажеттіліктеріне сай қоғам түрі. Ақпараттық технологиялардың дамуына және жалпы техниканың барынша интеллектендірілуіне байланысты «смарт» терминінің қолданылу аясы кеңейде. Бұл термин ғылыми түрде жоғары деңгейлі, жаңа білім мен танымға жол беретін өнімдерді білдіреді. Смарт өнімдер мен технологиялар адам өмірінің барлық саласын қамти отырып, адам мен қоғам өміріне айтарлықтай жаңалықтар әкеледі. Мысалы, Ч. Лэндри: «Смарт қоғам – қала немесе мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуына бастайтын басты вектор. Ол қоғам тұрғындарының өмір сапасының жаңа деңгейінің бір көрінісі деп сипаттауға болады. Смарт қоғам ең алдымен қоғам мен мемлекеттің интеллектуалды дамуының бастауы ретінде қазіргі таңда өте маңызды мәселердің біріне айналып отыр», – дейді [2].

Осы орайда Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Адамзат үшінші индустриялық революция табалдырығында тұр, ол өндіріс ұғымының өзін өзгертеді. Технологиялық жаңалықтар әлемдік нарықтың құрылымы мен қажеттіліктерін түбегейлі өзгертеді. Біз бұрынғыға қарағанда мүлде өзгеше технологиялық болмыста өмір сүріп жатырмыз. Цифрлық және нанотехнология, регенеративтік медицина және басқа да көптеген ғылыми жетістіктер қоршаған ортаны ғана емес, адамның өзін трансформациялап, күнделікті ақиқатқа айналады.

Біз осынау үдерістердің белсенді қатысушылары болуға тиіспіз. Қазіргі таңда жеке елдердің экономикалық дамуы барған сайын әлемдік үдерістерге және қоғамдық даму заңдылықтарына тәуелді жағдайда болуда. Білімге негізделген экономиканы қалыптастыру адамды қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының басты шартына айналдырды: ол өндірістің басқа факторларын жетілдірумен және оңтайлы қолданылуымен қамтамасыз етеді, ол болмаса шаруашылық жүйесінің компоненттері жұмыс істемейді», - деп атап көрсетті [3].

Қоғам барған сайын интеллектуалды элементтің – жаңа білімдерді, дағдылар мен тәжірибелердің жасап шығарудың, яғни әлеуметтік-экономикалық прогрестің қозғаушы күшінің даму деңгейіне мүдделі ғана болып қоймай, оларға тәуелді бола түсуде. Қоғамның дамуы қазіргі таңда адамның шығармашылық тұлға ретінде қасиеттерімен – бұрын жалпы қоғамның дамуы үшін аса маңызды болмаған, оның ішкі потенциалымен анықталады деуге болады.

Осы мәселе Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында да қарастырылды. Бұл мақалада білімге басымдық беріледі: «Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатар-ында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» [4].

Білім – бұл кез-келген адамның азаматтық, экономикалық, саяси, мәдени құқықтарын жүзеге асыруының, рухани кемелденуінің іргелі шарттарының бірі болып табылады. Сонымен қатар қазіргі таңда білім қоғамдық прогрестің, ғылым дамуының, жалпы интеллектуалдық әлеуетінің жоғарлауының, еліміздің әлемдік қауымыдастықтағы бәсеке қабілеттілігінің маңызды факторы. Қазіргі таңда еліміздің білім беру стратегиясындағы негізгі ұстаным – ұлттық білім моделін жасау концепциясы. Ұлттық білім үлгісі дегеніміз не, оның көздейтін түпкі мақсаты қандай деген сауалдар туындайды. Ұлттық білім үлгісінің негізгі мақсаты бұл адамды ең басты құндылық ретінде мойындау және осы тұрғыдан қалыптастыру. Адамның қоғамдағы орны мен рөліне, әлеуметтік жағдайына, мәдени және тұрғыдан дамуына ерекше көңіл бөліп, сол арқылы оның рухани әлемінің жетілуіне, әлеуметтік-саяси көзқарастарының, шығармашылық еркіндігі мен белсенділігінің, әлеуметтік мәдениетінің, кәсіби іскерлігінің қалыптасуына қажетті жағдайларды жасау. Бұл болашақ маман білімді және жоғары білікті, әрі рухани кемелденген, ұлттық ділін бойына сіңірген, әлеуметтік мәдениеті қалыптасқан, қоғам алдындағы жауапкершілік сезімі жоғары тұлға болуы тиіс.

Әдебиет тізімі

1. Нысанбаев Ә. Еліміздегі адам ресурсы: сана мен сапа // Егемен Қазақстан. – 7 мамыр, 2004.
2. Лэндри Ч. Креативный город. – Пер. с англ. – М.: Издательский дом «Классика ХХІ», 2014. - 400 с.
3. Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына жолдауы // <http://www.akorda.kz>
4. Нысанбаев Ә. Абайдан артық не айтамыз. // Айқын. – 17 мамыр, 2014.